



БҰЙРЫҚ

« 02 » 08. 2022
Түркістан қаласы

ПРИКАЗ

№ 20 /сер.
город Туркестан

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы № 986 Жарлығына, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ (бұдан әрі - Орталық) Жарғысының 24-тармағының 7) тармақшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіпті қалыптастыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2022 жылға арналған іс-шаралар Жоспары №1 Қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 2022 жылға арналған іс-шаралар Жоспарын орталықтың ресми сайтына орналастыру «Ақпаратты технологиялар» кафедрасының меңгерушісі Е.Камалға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын.
4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директор

Б.Төлімбет

БЕКІТЕМІН

Түркістан облысы адами әлеуетті
дамыту басқармасының «Білім
беруді дамыту орталығы» КММ
директоры

Б. Төлімбет
2022 жыл



**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ
2022 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары**

№	Іс-шараның атауы	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
	Ұйымдастыру іс-шаралары		
1	Білім беруді дамыту орталығында сыбайлас жемқорлық жасауға ықпал ететін жағдайлар жасауға жол бермеу бойынша бұйрықтар шығару	Шілде, 2022 жыл	Директор Заңгер Кадр инспекторы
2	Білім беруді дамыту орталығы директоры және оның орынбасарларының жеке қабылдау кестесін стендке орналастыру	Тамыз, 2022 жыл	Заңгер Бас есепші Менеджер
3	«Сенім телефонының», жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған пошта жәшігінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Жыл бойы	Заңгер Бас есепші Менеджер
4	Білім беруді дамыту орталығының ресми-интернет ресурсында (сайтында) орналастырылған ақпаратты уақытылы жаңартуды және азаматтар мен заңды тұлғалардың еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету	Жыл бойы	Баспасөз қызметкері Ақпараттық технологиялар кафедрасының меңгерушісі
5	Почта арқылы, жеке қабылдау арқылы, сондай-ақ орталық директорының блогына түскен азаматтардың өтініштерін сапалы және толық қарау бойынша жұмысты күшейту	Жыл бойы	Директор Заңгер Баспасөз қызметкері
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша орталықтың	Тоқсанда 1 рет	Директор

	әлеуметтік желі парақшасына мақала жариялау		Директор орынбасарлары Кафедра меңгерушілері
7	Бухгалтерия жұмысын ашық ұйымдастыру	Жыл бойы	Директор Бас есепші Материалдық есепші Экономист Менеджер
8	«Түркістан – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі мамандарының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және жолын кесу мәселелері бойынша Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығының қызметкерлері үшін семинар өткізу	Жарты жылда 1 рет	Директор орынбасарлары Заңгер
9	Жаңадан келген қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың талаптарымен таныстыру	Қажеттілігіне қарай	Кадр инспекторы Заңгер
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталмаған жағдайда, жұмысқа қабылдаудан бас тарту немесе лауазымынан шығару (лауазымнан босату) туралы шешімдер қабылдау	Қажеттілігіне қарай	Директор
11	Өтініштер немесе басқа көздерден ақпарат алу бойынша мүдделер қақтығысын болғызбау және ретлеу жөнінде заңға сәйкес шараларды қабылдау	Қажеттілігіне қарай	Директор Директор орынбасарлары Заңгер
12	Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша орталық әкімшілігін уақытылы хабардар ету	Қажеттілігіне қарай	Директор орынбасарлары Кафедра меңгерушілері Заңгер Кадр инспекторы
13	2023 жылға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	Желтоқсан 2022 жыл	Заңгер
Әдістемелік бағыт			
14	«Түркістан – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі мамандарын шақыра отырып, білім беру ұйымдарының педагогтері мен әкімшілігі үшін оқыту және проблемалық семинарлар бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыптарын енгізу	Тоқсанда 1 рет	Директор, орынбасарлары Кафедра меңгерушілері Тәрбие және әлеуметтік-психология кафедрасы Заңгер
15	Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыруға бағытталған облыстық іс-шараларды	Тоқсанда 1 рет	Директор орынбасарлары Кафедра меңгерушілері

	(байқаулар, дөңгелек үстелдер, вебинарлар) ұйымдастыру және өткізу			Кафедра меңгерушілері Кадр инспекторы Хатшы
16	Тізілім нөмірін бере отырып, тіркеу журналында байқаулар мен облыстық іс-шаралардың қорытындылары бойынша марапаттау материалдарын (диплом, грамоталар, алғыс хаттарды) тіркеу	Жыл бойы		
17	Өткізілетін байқаулардың, ғылыми-практикалық конференциялардың нәтижелерін орталық сайтында, әлеуметтік желілерде уақытылы жариялауды қамтамасыз ету	Жыл бойы		Баспасөз қызметкері Кафедра меңгерушілері Ақпараттық технологиялар кафедрасының меңгерушісі
18	Колледж педагогтерінің құқықтық санасын және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында «Адал сессия» онкүндігін өткізу	Жыл соңында		«Техникалық және кәсіптік білім беру» кафедрасының меңгерушісі, әдіскерлері
19	Білім беруді дамыту орталығы директорының қатысуымен жиналыстарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін қарау	Токсанда 1 рет		Директор Кафедра меңгерушілері Заңгер
20	Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орайластырылған іс-шаралар ұйымдастыру	Қараша, желтоқсан 2022ж		«Инновация және стратегиялық жоспарлау» және «Бұқаралық спорт және тұлғалық даму» кафедрасының меңгерушілері, әдіскерлері

Директор орынбасарлары _____

Кафедра меңгерушілері _____

Бас есепші _____

Заңгер _____

Кадр инспекторы _____

Менеджер _____

Материалдық есепші _____

Экономист _____

Баспасөз қызметкері _____

Хатшы _____
